ретті орамына ω қосады. Кн4 батырмасының екінші топ контактілері СП2 сельсинінің шығысын блоктайды. СП1 сигналынан БДУ блогінде РВ релесі іске қосылады да, ол өзінің 1-10 және 3-8 контактілерімен электр жетегі жүйесінің кірісіне қажетті полярлықтың берілетін бейнелерін жібереді және 15-36 контактісімен СП2 роторы тізбегіндегі Кн4 батырмасының контактісін тұйықтайды. Бұл кезде ТП кірісіне минималды берілетін кернеу жіберіледі және жетек тізбегіндегі кинематикалық «соққыны» алдын алу үшін қозғалтқыш максимал жіберілетін динамикалық тоқпен минимал жылдамдыққа қарқындайды. Бұл БДУ уақытта РЭЗ релелік элементінің кірісіне ЗС жылдамдық задатчигінің РС реттегішінің екінші платасының қозғалтқышынан алынған кернеудің және СД датчигі сельсинінің (U_{c1}) және СП1 қабылдағышы сельсинінің роторлары арасындағы айырмашылық бұрышына пропорционал болатын Тр4 трансформаторының ω_4 орамында және ВП4 түзеткішінде жиналған қор кернеуінің айырымына тең басқарушы кернеу түседі. Бұл $U_{c1} > U_{z1}$ болғанда РМ сөндірулі болуы шартында. РЭ4 релелі элементтің кірісіне бір уақытта СП2 қабылдағышының сельсинінің шығысына қосылған (U_{c2}) Вп5 түзеткішінде жиналған қордан алынған кернеу айырымы және R4 резисторындағы кернеу құлауы ($U_{л4}$) түседі. Бұл кезде $U_{c2} < U_{л4}$ және релелі элемент РЭ4 қосулы (бұл уақытта РЭ4 релелі элементі де қосылған), ал сұлба қосылуын У4 күшейткішінің көмегімен реле РР қамтамасыз етеді. РР релесі өзінің 5-7 контактісінен РС1 11 в қозғалтқышын іске қосып, қажетті соғысу жылдамдығын анықтайтын электр жетегі жүйесіндегі берілуші кернеуді қамтамасыз етеді. ЗС құрылғысы айналу жылдамдығы алға қозғалу кезіндегі орнатылған жылдамдықтан үнемі төме болатындай құрылған. СП2 және СД сельсиндері роторларсы арасындағы айырым бұрышы, оған сәйкес U_{c2} кернеуі артқан кезде және U_{c2} кернеуі U_{r4} -тен жоғары болғанда ($U_{c2} > U_{r4}$) релелі элемент РЭ4 және РР релесі сөнеді. Бұл кездегі электр жетегі жүйесінің берілетін кернеуі ЗС жылдамдық задатчигіндегі РС1 реттегішінің 1 қозғалтқышымен анықталатын болады және үстел жетегінің электр қозғалтқышы осы берілген кернеумен анықталатын орнатылған жылдамдыққа дейін қарқындайтын болады. Үстел алға жылжыйды да, СП2 және СД сельсиндері роторларсы арасындағы айырым бұрышы, оған сәйкес U_{c2} кернеуі азаяды, $U_{c1} < U_{z1}$ болған кезде РЭЗ релелі элементі өшеді және РМ релесі іске қосылады да, ол өзінің ЗС-тегі 9-14 контактісімен жонғыштың металлдан шығуының төмендетілген жылдамдығына сәйкес келетін төмендетілген берілуші кернеуді қамтамасыз етеді. Электр жетегі төмен жылдамдыққа дейін тежеледі де, кейін реверсттеледі. СП2 және СД сельсиндері роторлары арасындағы айырым бұрышы нольге дейін дерлік төмендегенде РВ релесі сөнеді, СП2 қабылдағышының сельсин шығысы Тр4 трансформаторының ω орамына қосылады және РН релесін қосады, ол өз кезегінде 13-34 контактісімен СП1 сельсинінің шығысын тұйықтап, оны сөндіреді. СП2 және СД сельсиндері роторлары арасындағы айырым әсерінен РЭЗ релелі элементінің кірісінде Вп4-тен алынатын U_{c1} мен РС2 реттегішінің 11 қозғалтқышымен анықталатын U_{z2} айырымына тең кернеу пайда болады. РЭЗ элементі қосылады, ал РМ релесі

сөнеді. Реле РН өзінің 1-3 және 8-10 контактілерімен РС1 реттегішінің 11 қозғалтқышымен анықталатын берілуші кернеуді полярлығын өзгертеді. Үстелдің электр қозғалтқышының тежелуі, оның реверсттенуі және үстелдің кері жүріс жылдамдығымен артқа қозғалуы жүзеге асады. Кері жүрістің максимал жылдамдығы қозғалтқыш якорінің максимал кернеуінің және оның магнит ағынының әлсіреуі мен РМН максималды кернеу релесінің іске қосылуымен және 16-21 контактісімен, демек Rв резисторының ОВМ-мен қосылуы есебінен жүзеге асады. Кері жүріс соңында СП2 және СД сельсиндері роторлары арасындағы айырым бұрышы $U_{с1} < U_{с2}$ мәніне дейін азайғанда РЭЗ релелі элементі сөнеді және электр жетегі жүйесіні берілуші кернеуін төмендететін РМ релесі іске қосылады да, электр қозғалтқышы тежеліп, «тартылу» жылдамдығына дейін жылдамдығын азайтады. СП2 және СД сельсиндері роторлары арасындағы айырым бұрышы нольге дейін дерлік төмендегенде РН релесі сөнеді және СП1 сельсині шығысы Тр4 трансформаторының ω орамына қосылады. Бұл кезде РВ және РР релелері қосылып, қозғалтқыш тежеледі және реверсттеледі де, сол арқылы үстелдің жонғыштың металға соғылуының технологиялық жылдамдығымен алға қозғалуын қамтамасыз етеді. Әрі қарай электр жетегінің жұмыс циклы қайталанады, үстелдің орнатылған орын ауыстырулары (реттелетін режим) Кн6 (алға жылжу) және Кн7 (артқа жылжу) батырмаларына басумен және РУ релесін қосумен жүзеге асады. Қолды басқарудағы жетек жұмысы жоғарыда сипатталғанмен бірдей, тек үстелдің батырама басулы күйде болғанда қозғалатынымен және жүріс соңында тоқтайтынымен ерекшеленеді. К1 және К2 контакторлары Кн1 «стоп» батырмасын басу арқылы сөндіріледі. Бұл кезде контактор КТ өшіріледі М қозғалтқышы динамикалық тежелумен өшеді. РЦ реле циклы Кн3 батырмасымен өшіріледі. Электр жетегі сұлбасында М қозғалтқышының ВА1с автоматты айырғышымен максималды-тоқты айырғышымен (расципитель), РМТ максималды тоқ релесімен және РТ1 мен РТ2 жылулық релелерімен жүзеге асырылатын максималды тоқты және жылулық қорғаныштары қолданылған. Қозғалтқыштың қоздыру орамының және басқару жүйесінің берілуші кернеуінің тізбегі ВА2-ВА5 автоматты айырғышының қысқа тұйықталуынан қорғалған. Нольдік тоқтың РНТ релесі қамтамасыз ететін қозғалтқыштың ОВН қоздыру орамының минимал-тоқты қорғанысы бар. Жүйедегі кернеудің жоғалуы мен төмендеуінен және қозғалтқыштың өздігінен іске қосылуынан нольдік қорғанысты К1 және К2 контакторлары орындайды. Майлау жүйесіндегі қысымның төмендеуінен қорғанышты РД1 релесі қамтамасыз етеді. Осы қорғаныштардың кез келгенінің әрекет етуі кезінде К1 және К2 контакторлары өшеді, ал қозғалтқыш желіден ажырайды.

Қоректендіруші жүйенің кернеуінің жоғалуы бағыттаушлар үстелінің шығып кетуіне әкеледі. Мұндайға жол бермеу үшін КТ тежеу контакторымен сөндірілетін қозғалтқыштың динамикалық тежелуі қарастырылған. РМТ релесінің немесе ВА4 және ВА5 автоматты айырғыштарының іске қосылуының кернеуі жоғалғанда қозғалтқыш желіден К1 және К2 контакторларымен

қосылады және оның КТ якорь контакторына динамикалық тежелудің резисторы RT қосылады. Бұл кезде қозғалтқыштың қоздыру орамы якорьге реверсивті көпір арқылы Д10-Д13 диодтарымен қосылады. Сұлбада сұлбалық блокировка және сигнализация қолданылған. ЛС1 лампы электр жетегін басқару сұлбасында кернеудің барын және ВА1 автоматты енгізу айырғышының іске қосулы күйін ескертеді, ал ЛС2 лампы майлау жүйесіндегі қысымның төмендеуін көрсетеді және ЛС3 лампы РЦ цикл релесіні іске қосылуын және станоктың цикл режиміндегі жұмысын көрсетіп тұрады.

6. Экономикалық бөлім

6.1 Жаңа жүйені енгізудің тиімділігі

Әрбір жаңа энергетикалық объектінің халық шаруашылықтағы мәні оның техникалық жетілуімен және үнемділігімен көрсетіледі. Егер техникалық жетілуінің дәрежесі сенімділікті, орнықтылық және жобалаушы объектінің жұмысының сапалығын көрсетсе, онда жұмыстың үнемділігі қоғамдық жұмыстың ең аз шығындарымен өз функцияларын орындау мүмкіндігін болжайды.

Тұрақты токтың электр жетегін енгізуден экономикалық әсерін анықтау. Жаңа электр жетегін енгізуден экономикалық әсер келесі формула бойынша анықталады:

$$\Delta T = C_{б.с} \cdot a - (C_n + E_n \cdot \Delta k) + \frac{(C_б \cdot a_1 - U_n) + E_u (кб \cdot a - ln)}{P_{ам} + E_u}; \quad (6.1)$$

мұндағы C_n – жаңа бұйымның бірлігінің бағасы;
 $C_{б.с}$ – базисті бұйымның бірлігінің бағасы;
 Δk – бұйымның жаңа түрін жасаумен және игерумен байланысты қосымша салыстырмалы капитал шығындар;
 a – жаңа және базисті бұйымның бірлігінің баламалығының коэффициенті, коэффициенттер туындысы сияқты анықталады:

$$a = a_1 \cdot a_2; \quad (6.2)$$

$$a = 1,25 \cdot 1,02 = 1,35;$$

$a_1 = B_u / B_1$ – жаңа және ескі бұйымның өнімділігі:

$$a_1 = 1,25 / 1,0 = 1,25;$$

$$a_2 = \frac{1/T_{сб} + E_n}{1/T_{сн} + E_n}; \quad (6.3)$$

$$a_2 = \frac{1/25 + 0,15}{1/15 + 0,15} = 1,08$$

мұндағы $T_{сб} = 20$, $T_{сн} = 25$ – жаңа және базалық бұйымның қызмет ету мерзімі;

$E_n = 0.15$ 1/жыл – капитал салымдардың экономикалық тиімділігінің нормативті коэффициенті;

U_6, U_H – тұтынушыдан жаңа қондырғыны амортизациялауға шығаруларды ескерусіз жылдық ағымдық ұстанымдар. Бұл ұстанымдарда тұтынушының бірге жүретін капитал салымдары бойынша амортизациялық шығарулар ескеріледі;

$P_{ам}$ – тұтынушы жаңа бұйымның бірлігін қолдану кезінде амортизацияға шығару үлесі. Электр жетектер үшін $P_{ам} = 0,874$;

K_H, K_6 – негізгі бұйымды жөндеуді қосып бірге жүретін капитал шығындар. Бірге жүретін капитал салымдар электржетектің нұсқалары бойынша өндеудің бірінші сатысында іріленген нормативтер бойынша және сумма сияқты көрсеткішпен $K = K_0 + K_{пр} + K_{пп}$ анықталады;

K_0 – қондырғыны алуға, оны транспорттауға және жетектің жана жүйесін енгізумен байланысты монтажға кеткен шығынның суммасы;

$K_{пр}$ – орнатылған электржетектің капитал және орташа жөндеулеріне шығындар;

$K_{пп}$ – электржетектің ұжымды қайта дайындаудың бағасы.

Капитал және орташа жөндеу жұмыстарына кеткен шығынды анықтау төмендегі тарауларда қарастырылады.

6.2 Капиталды шығындар

Капитал шығындар техникалық шешімінің қарастырылып отырған нұсқалардың техникалық-экономикалық көрсеткіштердің бірі ретінде болып табылады. Олар негізгі қондырғының бағасынан және жалақыдан қосылады. Жөндеу жұмыстарына шығындар жөндеуге негізгі жалақыдан, қосымша жалақыдан және социалды сақтандыруға ұстанымдардан жиналады. Негізгі жалақы T_{Σ} – жөндеулердің еңбек сыйымдылығы деп аталатын жөндеу жұмыстарының сағаттық ставкасының туындысы сияқты анықталады:

$$T_{\Sigma} = T_1 \cdot mR_{\Sigma}; \quad (6.3)$$

мұндағы T_1 – жөндеудің қиындық категориясы бір жөндеу бірлігі кезінде бір жөндеудің еңбек сыйымдылығы;

$T_{1К} = 15$ сағат – капитал жөндеу үшін;

$T_{1С} = 7$ сағат – орташа жөндеу үшін;

m – жылына жөндеулер саны;

R_{Σ} – жөндеудің суммалық қиындық категориясы.

Жылына жалпы еңбек сыйымдылық ашық түрде келесідей жазылады:

$$T_{\Sigma} = T_{\Sigma М} + T_{\Sigma С} + T_{\Sigma М} + T_{\Sigma К} = T_{1М} \cdot (m_{1Н} \cdot R_1 + m_{2Н} \cdot R_2 \cdot + \dots) + T_{1С} (m_{1С} \cdot R_1 + m_{2С} \cdot R_2 \cdot + \dots) + T_{1П} (m_{1К} \cdot R_1 + m_{2К} \cdot R_2 \cdot + \dots) \quad (6.4)$$

Қиындықтың суммалық категориясы:

Жаңа нұсқа үшін - $R_{\Sigma} = 2,1$;

Базалық нұсқа үшін - $R_{\Sigma} = 4,3$;

Жылына жөндеулер саны:

Жаңа нұсқа үшін - $m_n = 2, m_c = 1, m_k = 0,1$;

Базалық нұсқа үшін - $m_n = 2, m_c = 1, m_k = 0,1$.

Сонда:

$$T_{\Sigma H} = 1,2(2 \cdot 2,1) + 7(1 \cdot 2,1) + 15(0,1 \cdot 2,1) = 22,89 \text{ сағат,}$$

$$T_{\Sigma 6} = 1,2(2 \cdot 4,3) + 7(1 \cdot 4,1) + 15(0,1 \cdot 4,3) = 46,87 \text{ сағат.}$$

6.3 Жөндеу жұмыстарының шығыны

Жөндеу жұмыстарының шығындарын анықтаймыз:

Негізгі жалақы:

$C_{op} = hT_{\Sigma}$, $h = 192$ теңге/сағ. IV разрядты жұмысшы үшін.

Жаңа нұсқа үшін - $C_{ори} = 192 \cdot 22,89$ теңге.

Базалық нұсқа үшін - $C_{ори} = 192 \cdot 46,87 = 8999,04$ теңге.

Қосымша жалақы негізгіден – 10% - құрайды.

$C_{дп.н} = 439,488$ теңге. $C_{дп.б} = 899,904$ теңге.

Сонда капитал жөндеуге шығындар келесі формула бойынша анықталады:

$$K_{нр} = C_{op} + C_{д.р} + C_c ; \quad (6.5)$$

Социалды сақтандыру бойынша есептеу негізгі және қосымша жалақыда 7% - ды құрайды

$$C_u = 0,07 \cdot (C_{op} + C_{дп});$$

$$C_{ш} = 0,07 \cdot (4394,88 + 439,488) = 338,4;$$

$$C_{сб} = 0,07 \cdot (8999,04 + 899,904) = 692,93;$$

$$K_{нр} \cdot u = 4394,88 + 439,488 + 338,4 = 5172,768;$$

$$K_{нр} \cdot б = 8999,04 + 899,904 + 692,93 = 10591,874.$$

Электр жетектің элементтерінің базасын анықтау.

Базалық нұсқа үшін

ТТҚ бағасы – 5040 теңге.

Жаңа нұсқа үшін

ЛДПТ бағасы – 6000теңге, яғни – Цб = 5040теңге, -Ци = 6000теңге.

Нұсқалар бойынша транспортты және мантажды жұмыстарға кеткен шығындарды анықтаймыз: $K_o = Ц \cdot 0,07$.

Базалық нұсқа бойынша – $K_{об} = 5040 \cdot 0,07 = 352,8$ теңге

Жаңа нұсқа бойынша – $K_{о.и} = 6000 \cdot 0,07 = 420$ теңге, яғни транспортты және мантажды жұмысқа кеткен шығындар электржетектің базасынан 7%- ды құрайды.

Электр жетектің жаңа жүйесіне қызмет көрсетуші техникалық қызметкерлерді қайта дайындауға кеткен шығындарды нөлге тең деп қабылдаймыз, себебі жетектерге қызмет көрсету бойынша мамандар бар, яғни $K_{пп} = 0$.

Бірге жүретін капитал салымдар жыл.

$$K_{\text{б}} = K_{\text{пр}} + K_{\text{об}} = 10591,874 + 420 = 11011,874 \text{ теңге.}$$

Базалық нұсқа үшін

$$K_{\text{и}} = K_{\text{пр.и}} + K_{\text{ои}} = 5172,768 + 352,8 = 5525,568 \text{ теңге.}$$

Жаңа нұсқа үшін тұтынушыда ағымдық жылдың шығындарын анықтаймыз.

U – тұтынушыда жылдың ағымдық ұстанымдар.

$$U = U_{\text{з.п}} + U_{\text{пэ}} + U_{\text{от}} = U_{\text{тр}} \quad (6.7)$$

мұндағы $U_{\text{з.а}}$ – қызмет көрсетуші қызметкерлердің жалақысына кеткен шығындар;

$U_{\text{пэ}}$ – электр энергиясының шығынына кеткен шығындар;

$U_{\text{тр}}$ – ағымдық жөндеу және қызмет көрсетуге кеткен шығындар.

Негізгі жалақы:

$$U_{\text{о.з.т}} = N \cdot J \cdot B = 1920 \cdot 2 \cdot 192 = 737280 \text{ теңге.}$$

мұндағы N – жылына жұмысшы уақыттыр саны;

Δ - ауысымдар саны.

Жұмысшы ПР жүргізуші үшін берілетін сыйақы негізгі жалақыдан 50% - ды құрайды.

$$U_{\text{п.п.р.}} = 797280 \cdot 0,5 = 368640 \text{ теңге.}$$

Қосымша жалақы негізгіден 10% -ды құрайды.

$$U_{\text{доп}} = 737280 \cdot 0,1 = 73728 \text{ теңге.}$$

Социалды сақтандыруға есептеулер негізгі және қосымша жалақылардың 7%-ын құрайды:

$$U_{\text{сс}} = (737280 + 73728) \cdot 0,07 = 56770,56 \text{ теңге.}$$

Бір жылға жалпы жалақы:

$$U_{3.п} = U_{0.3.п} + U_{ппр} + U_{доп} + U_{сс} = 737280 + 73728 + 368640 + 56770,56 = 1236418,56 \text{ теңге.}$$

Нұсқалар бойынша электрэнергиясының жоғалтуға кеткен шығынды есептейміз.

Олар мына формула бойынша анықталады:

$$U_u \cdot n = E \cdot \Delta A; \quad (6.8)$$

мұндағы ΔA – жылына электр энергияның шығыны;

$E = 6,4 \text{ теңге-1кВт сағ. бағасы.}$

$$\Delta A = P_n \frac{1 - \eta}{2} K_3 T; \quad (6.9)$$

мұндағы K_3 – қуат бойынша жүктемелеу коэффициенті;

η – электр жетек жүйесінің ПӘК;

P_n – электр қозғалтқышының номинал қуаты;

T – уақыттың нақты қоры

$$T = K_n \cdot n \cdot \rho \cdot S; \quad (6.10)$$

мұндағы

K_n – қондырғыны пайдалану коэффициенті;

n – жылдағы күн саны;

ρ – жұмысшы ауысымның ұзақтығы.

$$T = 0,8 \cdot 274 \cdot 7 \cdot 2 = 3069 \text{ сағат.}$$

Базалық нұсқа бойынша электрэнергиясының шығынын анықтаймыз:

$$\eta = 0,8, \quad P_n = 3 \text{ кВт};$$

$$\Delta A_6 = 3 \cdot \frac{1 - 0,8}{0,8} 0,8 \cdot 3069 = 1841 \text{ кВт} \cdot \text{сағ}$$

Жаңа нұсқа бойынша электрэнергиясының шығынын анықтаймыз:

$$\eta = 0,87, \quad P_n = 2 \text{ кВт};$$

$$\Delta A_6 = 2 \cdot \frac{1 - 0,87}{0,87} 0,8 \cdot 3069 = 734 \text{ кВт} \cdot \text{сағ}$$

Нұсқа бойынша электр энергиясының шығынының бағасы:
Базалық нұсқа үшін:

$$U_{н.э.д} = \varepsilon \cdot \Delta Аб = 6,4 \cdot 1841 = 11782 \text{ теңге/жыл.}$$

Жаңа нұсқа үшін:

$$U_{н.э.л} = \varepsilon \cdot \Delta Аб = 6,4 \cdot 734 = 469,76 \text{ теңге/жыл.}$$

Жағу және ысқылау материалдарына кеткен шығынды анықтау. Электр машинасының 0,8 орнатылған нормасының негізінде анықтаймыз.

Базалық нұсқа бойынша

$$U_{о.и.б.} = P_{нд} \cdot 0,8 \cdot N_{см} = 3 \cdot 0,8 \cdot 548 = 1315,2 \text{ теңге/жыл.}$$

N_{cc} – жылына жұмысшы ауысымдар саны:

$$N_{cc}^2 = n \cdot S = 274 \cdot 2 = 548 \text{ күн.}$$

Жаңа нұсқа үшін:

$$U_{о.и.н.} = P_{нд} \cdot 0,003 \cdot N_{см} = 2 \cdot 0,8 \cdot 548 = 876,8 \text{ теңге/жыл.}$$

Нұсқалар бойынша ағымдық жөндеуге және электр қондырғыны ұстауға кететін шығындарды анықтаймыз.

Базалық нұсқа бойынша:

$$U_{три} = 3 \cdot 9,2 = 27,6 \text{ мың теңге/жыл.}$$

Жаңа нұсқа үшін:

$$U_{три} = 2 \cdot 9,2 = 18,4 \text{ мың теңге/жыл.}$$

Тұтынушыларда жылдық ағымдық шығындарды есептеу нәтижесінде келесідей жазуға болады:

Базалық нұсқа бойынша:

$$\begin{aligned} U_{б1} &= U_{з.п.} + U_{нэб} + U_{олб} + U_{трб} = 1236412,56 + 11782,4 + 1315,2 + 27,6 \\ &= 1248360,08 \text{ теңге/жыл.} \end{aligned}$$

Жаңа нұсқа үшін:

$$U'_u = U_{з.п.} + U_{уэи} + U_{оуи} + U_{тр} = 1236412,56 + 469,76 + 876,8 + 18,4 = 1237783,52 \text{ теңге/жыл.}$$

Қосымша капитал шығындарды анықтаймыз:

$$\Delta K = K_{nn}/e ; \quad (6.11)$$

мұндағы K_{nn} – өндірістік шығындар;

A_2 – есептелінетін жылда жаңа бұйымдардың өндірісінің көлемі.

Тура есептеу әдісімен сұлбаларды дайындауға және шығаруға T_n конструкторларының еңбекті шығындарының жалпы көлемін есептейміз:

$$T_n = T_u \cdot K_c \cdot K_u \cdot K_m \cdot K_3/100, \quad (6.12)$$

мұндағы $T_n = 4,7$ адам/сағ – 1 – ші қиындылық тобы және 4 – ші жаңалық тобы бойынша №11 форматты бір сызбаны шығару үшін керек уақыт.

$M = 400$ дана - №11 сызбаларының саны;

$K_c = 1.6$ – қиындылық тобының коэффициенті;

$K_u = 0.8$ – жаңалықтар тобының коэффициенті;

$K_m = 0.5$ – ерекшелігі бойынша дәрежесіне байланысты жұмыстық еңбек сыйымдылығының төмендеу коэффициенті;

$K_3 = 25\%$ - конструкторлы жұмыстың жалпы еңбек

сыйымдылығына % - да сатылық еңбек сыйымдылығы.

$$T_n = 4,7 \cdot 400 \cdot 1,6 \cdot 0,5 \cdot 0,25 = 300 \text{ адам/сағ}$$

Осындай жолмен алынған құрылысты жұмыстардың жалпы еңбек сыйымдылығы 0,12 коэффициент бойынша адам – күнге келтірілуі мүмкін.

$$T_n = 300 \cdot 0,12 = 36 \text{ адам/сағ}$$

Сонда құрылысты жұмыстардың жалпы еңбек сыйымдылығы:

$$T_{\Sigma} = T_k + 1,2T_k = 79,2 \text{ адам/сағ}$$

Құрылысты құжаттаманы дайындаудың бағасын анықтаймыз:

$$S_{к.д.} = T_{\Sigma} \cdot K \cdot Z_{тд} \cdot K_{к.д.} ; \quad (6.13)$$

$K = 0,9$ – орындаушылардың квалификациясын ескеруші коэффициент.

$Z_{тд} = 1400$ теңге/күн – құрылысты бюроның бір жұмысшысының еңбегінің орташа бағасы.

$$S_{к.д.} = 79,2 \cdot 0,9 \cdot 1400 \cdot 2,5 = 249480 \text{ теңге.}$$

Тәжірибелік - конструкторлық жұмыстар жоспарының барлық құнын анықтаймыз:

$$S = \frac{S_{к.д.}}{0,6} = \frac{249480}{0,6} = 415800$$

$A = 5$ – жылына жаңа техника бірліктері кезінде ΔK – ны анықтаймыз:

$$\Delta K = 415800/5 = 83160 \text{ теңге.}$$

6.4 Жылдық экономикалық нәтиже

Жылдық экономикалық нәтижені анықтаймыз:

$$\begin{aligned} \mathcal{E} = & C_6 \cdot a - (C_H + E \cdot \Delta K) + \frac{(C_6' - a - U_H) + E_u(K_6 \cdot a_1 \cdot K_r)}{P_{ам} + E_H} = 5040 \cdot 1,36 - (6000 + 0,15 \cdot 83160) + \\ & + \frac{(1248360,08 \cdot 1,35 - 1237783,52) + 0,15(11011,874 \cdot 1,25 - 5525,568)}{0,874 + 0,15} = 426601,571 \text{ теңге/жыл} \end{aligned}$$

Өтемділік мерзімін есептеу.

Жылдық экономикалық өтемділік мерзімі келесі формула бойынша есептеледі:

$$T_{от} = \frac{\Delta K}{\mathcal{E}}; \quad (6.14)$$

$$T_{от} = \frac{415800}{426601,571} = 0,9 \text{ жыл}$$

Демек, тұрақты ток қозғалтқышының орнына сызықты тұрақты ток қозғалтқышын енгізуден жылдық экономикалық әсер қайтадан түсуші қозғалысты іске асыру қажет болған жағдайда 426601,571 теңге/жыл құрайды.

Жүйе электр жетектің принципті жаңа түрі болады және сызықты тұрақты ток қозғалтқышын қолдану облысын зерттеу бойынша экономикалық әсер өсе береді.

7. ӨМІР ТІРШЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

7.1. Электр тоғымен зақымдау дәрежесі бойынша құрылғыны талдау

Адамдардың тоқпен зақымдалу жағдайларының барлығы оның электр тізбегінің арлығында біршама кернеу болатын екіден кем емес нүктеге жанасу салдары болып табылады. Мұндай жанасудың қауіптілігі адам денесі арқылы өтетін тоқпен немесе ол қандай кернеу астында қалатынымен, яғни бірқатар факторларға: адамның электр тізбегіне қосылу сұлбасына, желінің кернеуіне, желінің өз сұлбасына, нейтрал режиміне, ток жүргізуші бөліктердің жерге қатысты изоляция дәрежесіне тәуелді жанасу кернеуімен бағаланады.

Осылайша, көрсетілген қауіптілік біркелкі емес: бір жағдайларда адамның электр тізбегіне қосылуы ол арқылы аз тоқтың өтуімен қатар жүреді және қауіпті болмайды, ал басқа жағдайда тоқтар үлкен мәнге жетіп, өлімге әкеп соқтыруы мүмкін.

Ең жағымсыз жағдай бұл екі әр түрлі фазаға бір уақытта жанасу болып табылады, бұл кезде адам сызықтық кернеу астына түседі және адам арқылы өтетін тоқ анықталады:

$$I_h = \frac{U_l}{R_h}$$

мұндағы, R_h - адамның кедергісі.

Алайда бұл жағдай типтік емес. Зақымдануларды 80 % бір фазалық жанасуда болады.

$$I_h = \frac{U_\phi}{R_h + r_0}; r_0 = 4 \text{ Ом. } R_h = 1000 \text{ Ом. } R_0 \leq R_h$$

$$I_h = \frac{U_a}{R_h} = \frac{220}{1000} = 220 \text{ mA}$$

Тоқтың мөлшері адам өміріне қауіпті, сондықтан қорғаныс шараларын орындау керек.

Бойлық-сүргілеу станоктарына қызмет көрсету барысындағы жұмыс қауіпсіздігі ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралармен қамтамасыз етіледі.

Берілген дипломдық жобада басты қозғалыс жүргізілетін тұрақты тоқты электр қозғалтқышы пайдаланылады. Қозғалтқыштың айналымы редуктор арқылы тісті доңғалаққа беріледі, ол тісті рейка көмегімен үстелдің ілгермелі қозғалысы жүзеге асырылады.

Заманауи реттелетін тұрақты тоқты электр жетектер әдетте тристорлы түрлендіргіштен қоректенетін тәуелсіз қоздыру қозғалтқыштары негізінде орындалады.

Қозғалтқыш шудың көзі болғандықтан шудың акустикалық есебін жүргізу керек және дыбыстық қысым деңгейі рұқсат етілген дыбыстық қысым деңгейінен аспайтынын тексеру қажет.

7.2. Нөлдеуді есептеу

Станокте кернеу астында бола алатын тристорлы түрлендіргіштер қолданылады. Оператордың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тристорлы түрлендіргішті нөлдеуді қолданамыз. Нөлдеудің нысаны – электр қондырғының корпусына және корпусқа тұйықталу немесе басқа себептерге байланысты жерге қатысты кернеу астында қалған басқа да метал тоқ жүрмейтін бөлшектерге жанасу жағдайындағы қауіптілікті жою. Нөлдеу корпусқа тұйықталғанда максималды тоқтан қорғануды қамтамасыз етеді. Нөлдеуді есептеу мақсаты оған жүктелген тапсырмаларды – зақымданған қондырғыларды желіден ажыратуды және сол уақытта адамның нольдік корпусқа апатты периодтта жанасуының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді орындайтын шарттарды анықтау. Есептеу к.з. тоғы үшін есептеледі, ол қорғанысты және сақтандырғыштың балқығыш ендімесінің номинал тоғын айтарлықтай өсіреді.

Бастапқы мәліметтер:

Желінің кернеуі – 0,4 кВ

Электр қабылдағыштың қуаты – $P=15\text{кВт}$


Трансформатор қуаты – $S=35\text{кВА}$

$\cos\alpha=0,8$

$n=5$ – іске қосу тоғының еселігі

$l_1=70\text{ м}$

$l_2=15\text{ м}$



380/220 В линиясы қуаты 35 кВт 6/0,4 кВ трансформатордан қоректенеді. Құрылғы үлестіруші пункттен (РП) қоректенеді. Фазалық сымдар алюминий, l_1 участкісіндегі нольдік өткізгіш болат құбырда жалғасқан. Қорғаныс аппараты ретінде балқығыш ендірмелерін қабылдаймыз.

Жүктеме тоғын есептейміз:

$$I_H = \frac{P}{\sqrt{3}U_H \cos \varphi} = \frac{15000}{\sqrt{3} \cdot 380 \cdot 0,8} = 28,5 \text{ A}$$

Сақтандырғыштың алқығыш ендіріменің есептік тоғы мына формуламен анықталады:

$$I_{\text{ПЛ ВС}} = \frac{nI_H}{\alpha}$$

мұнда, $n=5$ – іске қосу тоғының еселігі.

$\alpha=2,5$ – құрылғының іске қосу шартын ескеретін коэффициент

$$I_{\text{ПЛ ВС}} = \frac{nI_H}{\alpha} = \frac{28,5 \cdot 5}{2,5} = 57 \text{ A}$$

Фазалық және нольдік өткізгіштердің кедергісін есептейміз.

$$R_{\Phi} = \rho \frac{l_1}{S_{\Phi}} = 0,028 \frac{70}{10} = 0,196 \text{ Ом}$$

мұнда, $S_{\Phi}=10 \text{ мм}^2$ – фазалық сымның қимасы

$X_{\Phi}=0$ – түсті метал үшін

Болат құбырдың активті және индуктивті кедергілері диаметрі 40мм және ұзындығы 70 мм күтіліп жатқан қысқа тұйықталу тоғына тәуелді анықталады.

Тоқтың тығыздығын анықтайтын формула:

$$\gamma = \frac{3 \cdot I_{\text{ПЛ ВС}}}{S_{\text{ТР}}} = \frac{3 \cdot 57}{35} = 4,88 \text{ А/мм}^2$$

ПН2-100: $I_{11}=60 \text{ A}$ сақтандырғышын орнатуға қабылдаймыз

$r_w=5,24 \text{ Ом/км}$; $x_w=3,14 \text{ Ом/км}$.

$R_H=r_w \cdot l_1=5,24 \cdot 0,07=0,366 \text{ Ом}$

$X_H=x_w \cdot l_2=3,14 \cdot 0,07=0,219 \text{ Ом}$

$X_n=x_n \cdot l_1=0,6 \cdot 0,07=0,042 \text{ Ом}$

мұнда $x_n=0,6$ - меншікті сыртқы индуктивті кедергі.

Фаза-ноль ілмегі кедергісі келесідей анықталады:

$$Z_n = \sqrt{(R_H + R_{\Phi})^2 + (x_{\Phi} + x_H + x_n)^2}$$

$$Z_n = \sqrt{(0,196+0,366)^2 + (0+0,219+0,042)^2} = \sqrt{0,315+0,068} = 0,618 \text{ Ом}$$

$Z_1=0,312 \text{ Ом}$ – трансформатор орамдарының кедергісі.

Қысқа тұйықталу тоғын мына формуламен анықтаймыз:

$$I_{кз} = \frac{U_{\phi}}{\frac{Z_T}{3} + Z_n}$$

$$I_{кз} = \frac{220}{\frac{0,312}{3} + 0,618} = 304,7 \text{ A}$$

Сақтандырғыштың іске қосылу шарттарын тексереміз:

$$I_{кз} \geq 3 \cdot I_{пл \text{ BC}}$$

$$304,7 \geq 3 \cdot 57;$$

$$304,7 \geq 171$$

$l_2 = 15$ м екінші учасок үшін

$$X_{\phi} = 0$$

$$X_n = 0,6 \cdot 0,015 = 0,009 \text{ Ом}$$

Фазлық және нольдік өткізгіштердің кедергісін анықтаймыз:

$$R_{\phi} = 0,028 \frac{15}{10} = 0,042 \text{ Ом}$$

$$R_H = 5,24 \cdot 0,015 = 0,0786 \text{ Ом}$$

$$X_H = 3,14 \cdot 0,15 = 0,0471 \text{ Ом}$$

Әрі қарай фаза-ноль ілмегінің кедергісін анықтаймыз:

$$Z_n = \sqrt{(R_H + R_{\phi})^2 + (X_{\phi} + X_H + X_n)^2}$$

$$Z_n = \sqrt{(0,042 + 0,0786)^2 + (0 + 0,009 + 0,0471)^2} = 0,1326 \text{ Ом}$$

$Z_1 = 0,312$ Ом – трансформатор орамдарының кедергісі.

Қысқа тұйықталу тоғын мына формуламен анықтаймыз:

$$I_{кз} = \frac{U_{\phi}}{\frac{Z_T}{3} + Z_n}$$

$$I_{кз} = \frac{220}{\frac{0,312}{3} + 0,1326} = 929,83 \text{ A}$$

Сақтандырғыштың іске қосылу шарттарын тексереміз:

$$I_{кз} \geq 3 \cdot I_{пл \text{ BC}}$$

$$929,83 \geq 3 \cdot 57;$$

$$929,83 \geq 171$$

Қорытынды: $I_{кз} \geq 3 \cdot I_{пл\text{ в с}}$ шарты орындалған, демек біздің жүйе сәндірілуге сенімді.

7.3. Шуды акустикалық есептеу

Адамды қоршаған ортадағы шу әр түрлі және көптеген көздерден пайда болады. Оның негізгілеріне: көлік құралдары, техникалық құрылғылар (қозғалтқыштар, трансформерлер, генераторлар және т.б.), өнеркәсіптік кәсіпорындар, вентеляциялық, компрессорлық қондырғылар жатады. Өнеркәсіптік кәсіпорындармен, технологиялық құрылғылармен түзетілетін шу (цехтар, шеберханалар) рұқсат етілген спекторынан аспау керек.

Өндірістегі қарқынды шу ойдың нашарлауына және жұмыс орындау кезіндегі қателердің өсуіне әсер етеді және әсіресе реакция шапшаңдығына, ақпарат жинақталуына және аналитикалық үрдістерге әсер етеді, шудың кесірінен еңбек өнімділігі төмендейді және жұмыс деңгейі нашарлайды. Шу жұмысшылардың цехішілік көліктің ескертуші сигналдарына дер кезінде назар аударуын қиындатады да, нәтижесінде өндірісте бақыстсыз жағдайлардың орын алуына әкеледі.

Акустикалық есептеу орташа геометриялық жиілігі 63-тен 8000 Гц дейінгі сегіз октавалық жолақтарда орындалады. Акустикалық есеп өзіне қосады:

1. шу көздерін табу және олардың шулық сипаттамаларын анықтау;
2. есептелу жүргізілетін бөлменің нүктелерін анықтау;
3. есептеуші нүктелер үшін $L_{доп}$ дыбыстық қысымының рұқсат етілген деңгейлерін анықтау;
4. шуды төмендету шараларын жүргізгенге дейін есепшу нүктелердегі L дыбыс қысымының күтілетін деңгейін анықтау;
5. есептелтін нүктедегі қажетті дыбыс қысымының төмендеуін қамтамасыз етуге арналған шаралар мен қорғаныс әрекеттерін таңдау (қажет болса).

Берілген:

Құрылғы түрі – көлденең-жоңғыш станогы

Құрылғы саны – 1 дана


Бөлме көлемі – $V=200 \text{ м}^2$

$L_{\text{МАХ}}=1,4 \text{ м}$

$V/S_{\text{ОРГ}}=0,1$ (СНиП)

Көлемі $V=200 \text{ м}^2$ өндірістік бөлмеде бір шу көзі - көлденең-жоңғыш станогы орнатылған (1 сурет). Тұрақты шудың сипаттамалары Дб-дағы дыбыс қысымы деңгейлері болып табылады (2.1 – кесте). Шу көзі (станок) еденде орнатылған, сондықтан ол үшін $\Phi=1$ деп қабылдаймыз.

Есептеу нүктесі бөлменің ортасында еденнен 1,5 м биіктікте $r=1.5 \text{ м}$ орналасқан.



1 сурет – Есептеуіш нүктенің орналасуы (РТ) және шу көзі (ИШ)

Құрылғы түрі	Октавалық жолақтың орташа геометриялық жиілігі, Гц							
	63	125	250	500	1000	2000	4000	8000
Станок	74	80	82	80	79	82	78	78

Есептеліші нүктелердегі дыбыстық қысымның октавалық деңгейлері төмендегі формуламен анықталады:

$$L = L_p + 10 \lg \frac{K\Phi}{S}$$

мұнда L_p - шу көзінің Дб-дағы дыбыс қуатының октавалық деңгейі

x – жақын акустикалық өрістің әсерін ескеретін және r көздің акустикалық центрі мен есептелінуші нүкте арасындағы арақашықтықтың график бойынша шу көзінің L_{MAX} максимал габаритіне қатынасына байланысты қабылданады.

Φ – шу көзінің бағытталу факторы, өлшемсіз, тәжірбиелік мәліметтер бойынша анықталады. Дыбысты бірқалыпты тарататын шу көздері үшін $\Phi=1$ деп алу қажет.

S – көзді қоршайтын және есептелуші арқылы өтетін дұрыс геометриялық пішінде елестетілген беттің m^2 – тағы ауданы.

Қарастырылып жатқан көздің ең үлкен габаритті өлшемі $L_{MAX}=1,4$ м сондықтан график бойынша $x=2$ (2.2 – сурет). Қабырғаның бетіндегі есептелінетін бет ауданы $S=2\pi r^2$ формуласымен есептеледі.

$$S=2\pi r^2 = 2 * 3,14 * 1,5^2=14,13 \text{ м}^2$$

Әрі қарай барлық мәліметтерді мына формулаға қоямыз:

$$L = L_p + 10 \lg \frac{K\Phi}{S}$$

$$L = 74 + 10 \lg \frac{2*1}{14,13} = 65,5 \text{ (дБ)}$$

$$L = 80 + 10 \lg \frac{2 \cdot 1}{14,13} = 71,51(\text{дБ})$$

$$L = 82 + 10 \lg \frac{2 \cdot 1}{14,13} = 73,5(\text{дБ})$$

$$L = 80 + 10 \lg \frac{2 \cdot 1}{14,13} = 71,51(\text{дБ})$$

$$L = 79 + 10 \lg \frac{2 \cdot 1}{14,13} = 70,51(\text{дБ})$$

$$L = 82 + 10 \lg \frac{2 \cdot 1}{14,13} = 73,5(\text{дБ})$$

$$L = 78 + 10 \lg \frac{2 \cdot 1}{14,13} = 69,51(\text{дБ})$$

$$L = 78 + 10 \lg \frac{2 \cdot 1}{14,13} = 69,51(\text{дБ})$$

Әрі қарай алынған дыбыс қысымдарының деңгейлерін рұқсат етілген дыбыс қысымы деңгейімен 2.7- кесте бойынша салыстырамыз.

$L = 65,5$	$L_1 \text{ доп} = 99$
$L = 71,51$	$L_2 \text{ доп} = 92$
$L = 73,5$	$L_3 \text{ доп} = 86$
$L = 71,51$	$L_4 \text{ доп} = 83$
$L = 70,51$	$L_5 \text{ доп} = 80$
$L = 73,5$	$L_6 \text{ доп} = 78$
$L = 69,51$	$L_7 \text{ доп} = 76$
$L = 69,51$	$L_8 \text{ доп} = 76$

Қортынды: $L_i < L_i \text{ доп}$ болғандықтан, яғни $L_i < L_i \text{ доп}$ -тен аспайтындықтан, шуды төмендетуден ешқандай шаралар қажет емес.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломды жобада жасалынған есептеулер негізінде тристорлы түрлендіргіш тоқтың, айналу жиілігінің нақтырақ реттелуін қамтамасыз етілетінін қорытуға болады. Сонымен қатар жоғары тез әрекеттілікке ие болады. Статикалық және динамикалық сипаттамалар оларға қойылған талаптарды қанағаттандырады. Есептелінген көлденең-жоңғыш станоктерінің берілісті электр жетегі бірқатар артықшылықтар мен кемшіліктерге ие:

1. электр жетегі жұмысындағы сенімділік жоғарлауы
2. бүкіл реттеу жүйесінің тез әрекеттілігінің артуы
3. бүкіл жүйеге қызмет көрсету уақытының азаюы
4. капиталды шығындардың азаюы.

Реттелетін тұрақты тоқты электр жетектер реттеу дәлдігі және жоғары тез әрекеттілік сияқты артықшылықтарға ие. «Тристорлы электр жетегі - қозғалтқыш» жүйесі (ТП-Д) күрделі аналогтық және сандық басқару жүйелерімен, сонымен қатар жетектің реттегіш мүмкіндіктерін толық қолдануға мүмкіндік беретін микропроцессорлық жүйелермен жинақталады.

ӘДИБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ключев В.И., Терехов В.М. «Электропривод и автоматизация общепромышленных механизмов» Москва, 1978 ж
2. Сандлер А.С. «Электропривод и автоматизация металлорежущих станков» Москва., 1972 ж
3. Елисеев В.А., Шинянский А.В. «Справочник по автоматизированному электроприводу» Москва, 1983 ж
4. Зимин Е.Н., Яковлев В.И. «Автоматическое управление электроприводами» Москва, 1979 ж
5. «Дипломное проектирование» методические указания. Алматы, АИЭС, 2001 ж
6. Вишеневский С.Н. "Характеристики двигателей в электроприводе" Москва, 1977 ж
7. Л.А. Рогозовский Автоматическое управление электроприводами - Методические указания по курсовой работе для студентов всех форм обучения специальности 21.04. –Электроснабжение и электрификация» Алматы, АИЭС, 1999 ж
8. Ковчин С.А., Сабинин Ю.А. «Теория электропривода» Санкт-Петербург, 2000 ж.
9. Н.Н. Синягин, Н.А. Афанасьев, С.А. Новиков. «Система планово-предупредительного ремонта оборудования и сетей промышленной энергетики» Москва, 1978 ж
- 10.«Безопасность жизнедеятельности. Защита от производственного шума» методическое указание к выполнению дипломного проекта. Алматы, АИЭС, 1995 ж
- 11.«Расчет зануления» методическое указание к выполнению раздела «Охрана труда и окружающая среда» в дипломном проекте. Алматы, АИЭС, 1991 ж
12. Долин, П. А. «Основы техники безопасности в электрических установках» Москва, 1977 ж
- 13.Воронина А.А., Шибенко Н.Ф. «Охрана труда в энергосистемах» Москва, 1973 ж.
- 14.Князевский Н.А. «Охрана труда» Москва, 1982 ж